

ЖАҢА

Жұлдыздар
отбасы

alyzadom.kz

№11 (95) Маусым 2014 жыл

АНЫІЗ **адам**

Алына 2 үлгі

Амангелді ҚАШҚЫМБАЕВ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент:

ЖАСТАЙЫНАН ЖЕТІМ ҚАЛҒАН



– Амангелді Нұркейұлы, Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрсіз, «Ілияс Есенберлин» атты еңбегіңіз жарық көрді. Сондықтан жазушының өмір жолы туралы әңгімені сізден сұрағанды жөн көрдік. І.Есенберлиннің балалық, жастық шағы туралы өзі айтып, жазып кеткен мәліметтер бар ма?

– Мұндай мәліметтер жоқтың қасы. Балаларының айтуына қарағанда, әкелері жастық кезеңдері туралы біреулермен ой бөлісуге соншалықты құптар

болмаған адам сияқты. Ол кісі 1915 жылы қаңтар айының 10-ы күні қазіргі Ақмола облысына қарасты Атбасар қаласында дүниеге келген. Әкесі Есенберлі кедей жатақтар қатарынан болыпты. Өзінің үй салатын өнері бар, ағаш шебері болған кісі екен. Тіршілігін түзетемін деп жүріп, таршылық заман, ауыр бейнеттен әбден қиналған Есенберлі 1920 жылы дүние салған. Осы кезде күнкөрістің қамы үшін әйелі балаларымен жақын қайнысы Шәкір Бітеубаев деген кісіге қосылады. Алайда Ілияс пен Раунақтың басқа адамға тұрмысқа шыққан шешесі де ұзаққа бармай, дүниеден өткен. Бұл 1924 жылдың төңірегі болса керек.

– Раунақ Ілияс Есенберлиннің бірге туған інісі ме?

– Иә. Әке мен шешеден осылайша айырылып қалған Есенберлиндер үшін ауыр күндер басталады. Оларға аса жанашырлық қылмаған өгей әкелері жаңа әйелмен қосылғаннан кейін Ілияс пен Раунақ тіпті далада қалып, өздері секілді жетімдермен бірге көше кезіп жүргенде, оларды басқа да жетім балалармен бірге, арнаулы құрылған милиция тобы ұстап алып, балалар үйіне өткізеді. Олардың жанын сақтаған да осы болды. Жан-жақтан жиналған қырыққа жуық жетімдер Аудандық халық кеңесінің қаулысымен Атбасардың шет жағында әдейілеп салынған жетімдерге арналған үйге орналастырылды. Баратын жері, қонатын ұясы болмаған Ілияс үкіметтің бар саясатын ризашылықпен бойына сіңірген. Баласы Қозыкөрпештің айтуынша, әкесі Кеңес үкіметіне осы үшін өлгенше риза болып өткен. Тірі қалуға, кейіннен білім алуға, өзінің болашағына үміт артатындай мүмкіндікке ие болғанын жиі айтып отыратын деп еске алады оның ұрпақтары. Ілиястың жетімдер үйіне тап болуының тағы бір себебі – үлкен апасы Назымның тұрмысқа шығып, інісі Раунақты туыстары асырап алуында. Жастайынан жетім қалған Есенберлиндер тез есейіп келе жатты.

– Ол кісі балалар үйінде қанша уақыт болған?

– Көп уақыт болмаған. 1926 жылы Атбасар балалар үйі кенеттен жабылып, ондағы балаларды кейін Ақмолаға көшіреміз деп туыстарының, таниды деген таныстарының үйлеріне таратып жібереді. Ілияс болса, өгей әкесінің үйіне тағы да қайтып оралған болатын.

Бұл кездері қазақ тұрғындары ұжымдастыру мен елді ауыр өнеркәсіпке тартудың ауыр кезеңдеріне тап болған еді. Кең далада миллиондап жайылып жүретін малдың саны азайған. Халық күйзеле бастаған.

Қатты қиналған қазақтар енді қалаға шұбырды. 1928 жылы Қарсақпай мыс қорыту зауыты алғашқы өнімдерін бере бастаған. Ілиястың көптеген таныстары мен жақындары күн көру мақсатында сол жаққа көшіп кетіп жатты. Осы жылдың күзінде Қарсақпайға көшіп кету туралы оның жездесі Сейітқали да шешім қабылдаған еді. Кішкентай Раунақ болса, уақытша Атбасарда қала берді... Ал Ілияс туған жермен қоштасып кете барды.

Қарсақбайда зауытқа металл пісіруші (сварщик) болып орналасқан Сейітқалидің жанұясы ағаштан салынған барактағы кішкентай ғана екі бөлмеде тұрып жатты. Ілияс болса, Қарсақбайда жұмысшы балаларына арнайы ашылған мектепте оқуын жалғастырады. Бірнеше айдан соң үкіметтің қаулысымен Қызылордада ашылған тәжірибелі-көрсеткішті тоғыз жылдық мектеп-интернатта оқығысы келген балаларға шақыру келіп, сонда аттанады. Қызылордада өткен үш жыл Ілияс үшін жай өтпеді. Есейіп, ер жеткен Ілияс үшін бұл уақыт оның коммунистік идеяның үстемдігіне әбден көзі жетіп, Маркстің, Энгельстің, Лениннің еңбектерін шамасы келгенше игеріп, елдің болашағына сенген жас азамат ретінде қабылдаған шағы еді.

– 1933 жылдың төңірегінде Ілияс Қызылордадан Қарсақбайға қайта оралған екен. Мұндағы мақсаты не болды?

– Мұнда келгендегі негізгі ойы апасы Назымға көмектесу болатын.

Қарсақбайда қалған апасы Назымның ауыр жағдайы Ілиястың үнемі жанын жеп жүретін болған. Ол күйеуі Сейітқалимен бірде тұрады, бірде ажырасып жүреді. Кейін Ілияс апасын Алматыға көшіріп алады.

– Ол кісі Қарсақбайға келгеннен кейін немен айналысты?

– Мектепте жеті жыл оқып, білім алып келген Ілиясқа Қарсақбайдан жұмыс табу соншалықты қиын болмаған сияқты. Апасы мен жездесінің үйін жөндеуге көмектескен Ілияс бірнеше күннен кейін-ақ Аудандық атқару комитетіне жұмысқа орналасады. Бұл бір орында тыныш отырып істейтін жұмыс емес еді. Аудандық атқару комитетінің тағы да бір қызметкері мен Ілияс үшін құрылып жатқан зауытты аралау, аяқталмай қалған жұмыстардың себептерін анықтау, кемшіліктерді тауып, оларды қалай шешуге болатыны туралы шешімдер қабылдау, т.с.с. міндеттер бастан асып жатты.

Ілияс Жезқазған өңірінде жүргенде коммунистік партияның «Кіші Қазан

төңкерісі» ұранымен басталған осы бір аумалы-төкпелі кезеңнің жақсылығымен қатар, жамандықтарын да өз көзімен көрген. Қазақ даласына күштеп енгізілген экономикалық өзгерістердің орынсыздығы нәтижесінде басталған аштық, одан аш-жалаңаш адамдардың Қарсақбайға қаптап келе бастауы, Аудандық атқару комитетінің тапсырмасымен аш адамдарды күндіз-түні Жосалы теміржол стансысына жөнелтуді ұйымдастыру – осылардың бәрін жас Ілияс көзімен көріп, басынан кешірген. Раунак Есенберлиннің айтуынша, Аудандық партия комитетінің хатшысы Телелеяев дегеннің атына «адамдарды құтқарып қалудың ықтимал жолдарын» ұсынған және жан-жүрегі жараланған адамның (Ілияс Есенберлинді айтып отыр) жандауысы болып табылатын баяндама хаттың жазылуы да осы уақыт.

«Өкінішке орай, 30-жылдары көптеген басшылардың бойынан адамгершілікке тән осы бір қасиет табылмай жатты. Ал Аудандық атқару комитетінің тапсырмасымен Қарсақбайға шоғырланған аш қазақтарды Жосалыға жөнелту ісімен айналысқан Ілияс аштыққа ұшыраған жерлестерін аман алып қалудың барлық тиімді жолын да ұсынған. Қарсақбайдың өз жұмысшылары осы қаралы күндері тамақ жағынан соншалықты қиыншылық көрмеген. Жұмысшылар күн сайын 800-1000 грамм нандарын үздіксіз алып тұрған. Қызметкерлерге – 600-800 грамм, олардың басқа жанұя мүшелеріне 400 грамм нан тиісті болған. «Сонымен қатар, басқа да тамақ берілетін. Инженер-техникалық қызметкерлер ерекше жағдайда болғандықтан, олардың күні басқалардан да жақсы еді. Егер жұмысшылар мен қызметкерлерге туындап отырған қатерлі жағдайды түсіндіріп, бір аптаға олардың нормаларын 100 грамнан қысқартқанда, бірде-бір бейбақ аштан өлмес еді... Менің өз көзіммен көрген аштан өлу – бұл жергілікті басшылардың немкеттілігі. Тіпті тасбауырлығы деп те айтуға саяды.

Жанайқайға басып, шырылдап, табалдырық тоздырып жүгірген 16 жастағы Ілиясқа түсінікті істің оң шешімін үлкен қызметтегі Аудандық атқару комитеті мен поселкелік кеңестің төрағалары көрмегенсіген болды. Қарсақбайдың кейбір тәкаппар тұрғындары аш-жалаңаш босқындардың жағдайларын түсініп, оларға аяныш сезіммен қараудың орнына, керісінше, оларға «зорман» деген айдар тағып үлгереді. Себебі аштан өлмеу үшін олар зорман мен басқа да дала хайуанаттарын ұстап жеген екен. Солармен қатар, бүкіл иттерді де жеп тауысыпты», – деп жазады өзінің естеліктерінде Раунак Есенберлин.

– Алматыға оқуға қашан келеді?

– Қарсақбайда жұмыс істеп жүрген Ілиясқа аяқталмай қалған орта мектепті толық бітіріп, білімін одан әрі жоғарылатудың сәті түседі. Аудандық атқару комитеті оны Алматыға оқуға жіберу туралы шешім қабылдаған болатын.

Әрине, бұл ұсынысты бірден қабылдау Ілияс үшін онай болмаған сияқты. Үйде кішкентай балаларымен Назым апасы бар. Бұл кезде кішкене інісі Раунақ та апасының үйінде тұрып жатқан. Жездесінің де бұл кездері отбасына өзек-бауырының соншалықты езіліп тұрмаған кезі сияқты... Олардың бәрін кімге сеніп тастау керек. Алайда, бәрін әбден салмақтап, өзінің шешімін болашақпен келістіріп қабылдауға дағдыланған Ілияс осы жолы да біріншілікті оқу жолына берген. Алматыға келіп, әуелі дайындық бөліміне («рабфак» – «жұмысшы факультеті») құжаттарын тапсырған ол екі жылдан соң Қазақ тау-кен институтына студент болып қабылданады. Сол кездергі жастарға ұқсас Есенберлин Ілиястың жастық шағы да Сталин бастаған коммунистердің Кеңестер Одағын қайтсек те социалистік жолға түсіреміз, ал осы жолда тұрған нақты міндеттердің бірі – ауыр өнеркәсіпті дамыту қажеттілігі деген кезеңге тұспа-тұс келген. Жас жігіттің тау-кен инженері мамандығын таңдауы да осы тұрғыдағы қағидадан келіп шығатын секілді. Ілиястың бұл мамандықты таңдауы болашағын ойлаған азаматтың бойына туа біткен дарындылыққа негізделгенінен гөрі, «Отан үшін ауыр өнеркәсіптің дамуы өте қажетті, осыған сай мамандықты таңдауға міндеттімін» дегеннен туындаған аса үлкен жауапкершіліктің нәтижесі болуы әбден орынды.

Жұмысшы факультетін жақсы аяқтаған І.Есенберлинге сенім артылып, жас болса да Қарсақпайға Аудандық атқару комитетінің орынбасары қызметіне жолдама берілген болатын. Бірақ бұл арада тиімді болып көрінген әкімшілік жұмыстың орнына, Ілияс Есенберлин жоғары оқу орнының студенті болуды жөн деп тапқан.

Мамандықты осылайша таңдаған Ілияс сабақты жақсы оқып, қоғам жұмысына құлшына араласқан, жолдастарының арасында спортқа деген икемділігімен де жиі көзге түсіп жүрген студент болған. Ол кездері Мәскеуде жыл сайын Бүкілодақтық спортшылардың жазғы спартакиадасы болып тұратын, Ілияс сол студенттер жарысына жылда қатынасушылардың бірі болады. Талабының арқасында институттың көпке белгілі студентіне айналған ол 1937 жылы Қазақстан компартиясының X съезіне студенттер атынан делегат болып сайланып, Қазақ КСР Конституциясының қабылданғанына куәгер болған. І.Есенберлин 1939 жылы институтты ойдағыдай аяқтаған мамандық иесі ретінде Жезқазған комбинатында инженер-металлург қызметіне жолдама алады. Бірақ, тау-кен инженері мамандығының иесі І.Есенберлин комбинатта көп жұмыс істеген жоқ.

– Бұл Екінші дүниежүзілік соғыстың басталған уақыты ғой. Ол кісі қандай жағдайда соғысқа аттанады?

– 1940 жылы Ілияс Есенберлин жұмысшы және шаруалар армиясының

қатарына шақырылады. Барысымен Рига қаласында орналасқан №270 әскери корпусстың артиллерия полкі курсанты, әскери дайындықтан өткен соң, бөлімнің кіші саяси жетекшісі болып тағайындалады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Ілияс Есенберлин 46-танктер полкіне қарасты 84-мотоатқыштар дивизиясының батареясында саяси жетекші қызметінде әскери міндетін атқарып жүрген. Соғыс басталған мезетте батыстан келген жаудың жойқын соққысына тосқауыл болған да осы әскери топ болатын. – Ол кісі бір кезде түрмеге қамалған да екен. Осының себебі неде? Не үшін қамалды?

– Иә, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында сақталған өмірбаянында жазушы өзі жазғандай, 1951 жылы оның үстінен қылмыстық іс қозғалып, 1953 жылға дейін қамауда болған. Оның себебі «1949 жылы Мәскеуде болған Қазақстанның әдебиет және өнер күндері декадасы кезінде қызмет бабын пайдаланып, 870 рубльді белгісіз себептерге байланысты жұмсап қойғандығым» деп түсіндіреді Ілияс Есенберлин. «Сол үшін партия қатарынан да шығарылғам. Кейін ақталып, партия қатарына қайтадан қабылдандым. Тіпті партия қатарында жүрген жылдарым да толығымен қайтадан есепке алынған болатын» дейді өзі. Оны өтеу үшін сол кездегі ең ауыр құрылыстардың бірі – Қаракұм каналы құрылысына хат жазысып тұру мүмкіндігіне ғана ие болып аттандырылып та жіберілді. Ауыр жұмыс, тұрмыс жағдайының нашарлығына байланысты бұл жерде адам шығыны өте көп байқалған. Ілияс Есенберлинді ажалдан аман сақтап қалған – оның тау-кен инженерлігі, оның ең жауапты учаскіде жүруі болған сияқты.

– Ал өзінің жары Диляра Жүсіпбековамен қалай жолыққан?

– 1944 жылы І.Есенберлин 20-30-жылдардағы белгілі совет-партия қайраткері, жазушы, Сәкен Сейфуллиннің қызметтесі, Қазақстандағы тұңғыш Әділет халық комиссары, алғаш Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романын қазақ тіліне аударған Хамза Жүсіпбековтің қызы Диляра Жүсіпбековамен танысқан.

1920-30-жылдардағы қоғам қайраткері, Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы, бюро мүшесі, Қазақ кеңестік кәсіподақтар комитетінің төрағасы, Әділет комиссариаты, Көркем әдебиет баспасының төрағасы болып жүріп большевиктер үкіметінің қанды шеңгеліне іліккен Жүсіпбеков Хамза туралы ол кезде Ілияс Есенберлин, мүмкін, білмеген де болар. Атасының 1938 жылы 26 ақпанда Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлинмен бірге атылғаны, ал енді бір деректерде қызыл қанаушылардың қолынан емес, Сәкен Сейфуллинмен бірге күзетші иттерге талаттырып өлтірілген деген мәлімет Ілияс пен Диляраның қолына тек 1950-60-жылдары ғана тиген. Ал 40-жылдары Х.Жүсіпбеков – нағыз «халық жауы». Және де бұл – ел аузындағы сөз емес,

ресми мәлімет. «Халық жауы» деген жаламен тұтқындалып, 1937 жылы атылып кеткен адамның туған-туыстарына да осы бір ауыр күнә арылмастай болып жабысқан. Диляра болса – солардың бірі. Әкесінен 14 жасында айырылған «халық жауының қызы» деген Диляра Ілияспен танысқан уақытта өмірдің ащы дәмін татып та үлгерген. Оның шешесі Рабиға болса, талай тергеудің азабын көрген. Тұтқындала жаздаған жерінен Алматыда тұру құқынан айырылып, Ақмола қаласына жер аударылған. Қолында Диляра, 12 жастағы Дәнекер, 10 жастағы Болат. Ал үш жастағы Роллан деген баласын шешесі мен бауырларынан айырған үкімет Ресейдегі жетімдер үйлерінің біріне зорлықпен аттандырып жіберген... Ақмолада екі жылдай қорлық пен зорлықты әбден көрген Диляра Ілияспен танысардан сәл бұрын жасырын түрде Алматыға келіп, оқуға түсудің жолын енді ғана тапқан болатын. Міне, осындай жас қызбен танысып, онымен өмір бойы бірге болу туралы ұсыныс жасау түгіл, мұндай жас бойжеткеннің жанына тақауға талай адам қорқатын уақыт еді ол кез. Сонда ештеңеден тайсалмай Диляраға үйлену туралы ұсыныс жасау тек Ілиястың қолынан келген. Алғашқы уақытта бәрі тіпті қиялдағыдай болып жатты. Екі ай уақыт ішінде оларға Ілияс жұмыс істеп жүрген Орталық Комитет екі бөлмелі пәтердің кілтін қолдарына ұстатты. Осыдан екі ай өтпей ол үйге Ілияс Ақмолада тұрып жатқан енесі – Жүсіпбекова Рабиғаны әкеліп орналастырды. Осыған дейін тағдырдың тәлкегіне ұшырап, қиналып жүрген екі адамға деген Ілиястың жанашырлық сезімін көре алмағандар да көп екен. Көп уақыт өтпей жатып олардың атынан «Есенберлин халық жауларын есіркеуде. Ол үйіне халық жауының әйелін әкеліп кіргізді. Мұндай адамға Орталық Комитетте жұмыс істемек түгіл, большевиктер партиясында орын жоқ» деген мазмұндағы хат та келіп жетті.

– Ол хатты кім жазған?

– Оқиға былай болған секілді. Ақмола қаласының маңында Диляраның атасы Жүсіпбек ақсақалдың тұратынын Ілияс білетін. Оның тағы бір білгені – қазақ халқының салт-дәстүріне сәйкес, күйеу жігіт үлкендердің батасын алуы қажет. Жоғарғы партия қызметінде жүрген Ілияс іссапарларының бірінде Жүсіпбек ақсақалға жолығып, сәлем беру туралы шешімге келеді. Ақмолаға баруға ыңғайлы жолды таптым деп санаған Ілияс өзімен бірге еріп келген Алдияр Манапов деген серігінен жасырып, Жүсіпбектің ауылына барған. Осыған дейін бір кабинетте бес жылдай жұмыс істеп келген әріптесі Ілиястың бір жаққа барып келгенін біліп, Ілиястың қайда барғанын анықтап, ол туралы Орталық Комитеттің ұйымдастыру бөлімінің басшысына баяндама хат жазған көрінеді (кейбір деректерге қарағанда, біз жоғарыда айтқан домалақ арыздардың авторларының бірі осы А.Манапов болса керек)